

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

**BULLETIN**

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

**№3/2022**

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2022

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Еуразия гуманитарлық институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты,  
Астана, Қазақстан

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
Еуразия гуманитарлық институтының доценті, философия докторы (PhD)  
Астана, Қазақстан

### **Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабек Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрышжан Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмбаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2022ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Кәлемі.

БТ. Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института,  
Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института,  
Астана, Казахстан

### **Редакционная коллегия**

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркенова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы имени Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабек Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курышжан А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана, пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; E-mail: eagi.vestnik@gmail.com, Сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на  
переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 17.10.2022ж. Формат 60\*84 1\8. Бум.  
Типограф. Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

*Candidate of Philological Science, Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan*

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

*Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan*

### ***Editorial Board***

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
- Yesirkepova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabek D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

*Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect  
Zhumbabayev Tel/Fax: (7172) 561 933; E-mail:  
eagi.vestnik@gmail.com, Caïm: ojs.egi.kz*

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No.KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2022 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper.

Printing house Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

©Eurasian Humanities Institute

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ӘБДИМӘУЛЕН Г.А., ҚОҚЫШЕВА Н.М.	«Тіл-мәдениет-қоғам» үштігіндегі әйел концептінің тілдік сипаты (қазақ-ағылшын паремиологиялық бірліктері негізінде).....	7
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Ономастикадағы номинациялық сипат.....	16
ЕРМЕКОВА Т.Н., ЖАҢАБАЕВА Н.А.	Қызға қатысты этнографизмдердің танымдық сипаты.....	25
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ.	Ұлы жібек жолындағы прецедентті топонимдер.....	40
КУРМАНОВА Б. Ж., УТЕГЕНОВА А., ИСЛАМГАЛИЕВА В.Ж.	О формах существования казахского и русского языков в языковой ситуации Актюбинской области.....	50
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А., СӘМЕНОВА С.Н.	«Болжау», «жорамалдау» модальді реңктерінің синтаксистегі көрінісі.....	62
САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Абай Құнанбайұлы шығармалары бойынша ғылым-білімге қол жеткізудің жолдары.....	70
ТЕЛҒОЖАЕВА Қ.С., ҚОСЫМОВА Г.С.	Абай әлемін бағалаудағы эмоциялық бірліктер.....	79
ШАДҚАМ З., ТҮЯҚБАЕВ Ө.О., СҰЛТАНБЕК К.Б.	«Дастұр ал-‘иләж» трактатындағы халық емшілігі – медициналық антропология көзқарасымен.....	89
КҮРКЕБАЕВ К.Қ.	Көне түркі жазба ескерткіш мәтіндерінің транскрипциясы мен аудармаларындағы сәйкессіздіктер.....	101

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРАЗОВА М.Н., АЛИМБАЕВ А.Е.	Әпсаналардағы «қасиетті су» туралы мотивтердің поэтологиясы.....	113
АБИЛХАМИТҚЫЗЫ Р.	Ақын Ұ.Есдәулет өлеңдеріндегі дыбыстық қайталаулар.....	124
АМАНГАЗЫКЫЗЫ М., ОРАЗБЕК М.С., СЕКЕЙ Ж.	Абай как архетип поэта.....	134
ГАЛЫМЖАНОВ Б.Г.	Юнус Эмре және Мәшһүр Жүсіп шығармашылығының үндестігі.....	144
NURGALI K.R., SIRYACHENKO V.V.	Chekhov's principles of artistic organization in the creative work of G. Musrepov.....	153
МУСАБЕКОВА С.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Көркем шығарма құрылымындағы түс көру мистикалық мотив ретінде.....	163

---

МУСИНОВА Г.С., ТУЛЕБАЕВА К.Т.	Драмалық шығармалардағы Семей қасіретінің көрінісі.....	175
ТОҚСАМБАЕВА А.О.	Қазіргі қазақ прозасының көркемдік ерекшелігі.....	188

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА  
ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF  
TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

ШАҚАМАН Ы.Б.	А.Байтұрсынұлының тіл білімдік зерттеулерінің әдіснамалық негізі.....	197
ҚҰРМАМБАЕВА Қ.С.	Көркем шығармаларды оқытуда белсенді оқу әдістерін қолданудың ғылыми-әдістемелік негізі.....	204

Ж.Ә. АЙМҰХАМБЕТ<sup>1</sup> 

М. Н. МИРАЗОВА<sup>2</sup> 

А. Е. АЛИМБАЕВ<sup>3</sup> 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан<sup>3</sup>  
(e-mail: a\_zhanat@mail.ru<sup>1</sup>, m.n.mirazova@mail.ru<sup>2</sup>, aslan\_alimbaev@mail.ru<sup>3</sup>)

## ӘПСАНАЛАРДАҒЫ «ҚАСИЕТТІ СУ» ТУРАЛЫ МОТИВТЕРДІҢ ПОЭТОЛОГИЯСЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада фольклорда кеңінен таралған қасиетті су көздері туралы мотив басты нысанға алынып, ең әуелі космогониялық мифтердегі суға қатысты оқиғалар қарастырылады. Сонымен қатар судың ислам дініндегі мәні будда, христиандық танымдағы сипаттарымен салыстырылды.

Көне дүниетанымда жаратылысты суға қатысты түрлі объектілерімен байланыстырған. Су – мифологияда ең жиі кездесетін табиғи жаратылыс. Әлемдік мұхит, түпсіз әрі шексіз терең су – алғашқы тіршілік пайда болғанға дейін болған құбылыс. Су күллі жаратылыстың бастауында тұрған табиғи стихия, сондай-ақ хаостан космосқа өтудегі бір шекара. Мифтік танымда теңіз, мұхит және өзен, көл, бұлақ, бастау ұғымдары өте маңызды. Суды қасиетті нысан ретінде құрметтеудің маңызды бір сипаты бұлақтар немесе қасиетті құдықтарға байланысты мотивтерден аңғарылады.

Түркі тектес халықтар танымında су – жаратылысты пайда болуы, көбеюдің, молшылық пен құнарлылықтың, жойылу мен жаңғырудың, қасиет пен киенің символы. Мақалада түркі халықтарына ортақ суды қастерлеу, бұлақтың көзін ашу, ағын судың арнасын кеңейту, жаңбыр шақыру сынды сумен байланысты ғұрыптар салыстырылды. Көне түркілер танымındaғы судың пайда болуы туралы әпсаналардың түп төркіні талданып, суға қатысты мифтік мотивтер жүйеленеді. Бұлақтың, өзеннің, көлдің, теңіздің пайда болуы туралы фольклор үлгілері қарастырылды. Діни сарындағы әпсаналарда өзендердің, бұлақ көздерінің пайда болуындағы пайғамбарлар мен әулиелердің рөлі мысалдармен айтылды. Құранда айтылған қасиетті судың үш түрі, олардың адамзат баласы үшін айрықша қызметі талданды. «Киелі су», «қасиетті бұлақ», «тірі су», «өмір суы» ұғымдары назарға алынып, мысалдар келтірілді. Киелі су орындары мен ерекше қасиетті, тылсым күшке ие адамдарға, пайғамбарларға қатысты әпсаналар салыстырыла қарастырылды. Түркі халықтарына ортақ әпсана мәтіндерінен алынған мысалдар зерттеліп, тиісті тұжырымдар жасалады.

**Түйін сөздер:** фольклор, әпсана, киелі су, тірі су, әлемдік мұхит, хаос, екі әлем, бұлақ.

**Кіріспе.** Су – жаратылыстың негізі, жер пайда болған алғашқы хаос. Су макро және микроәлемнің құрылуымен, қайта тууымен, жаңаруымен тығыз байланысты. Су – әртүрлі элементтердің құрамдас бөліктерін байланыстыра отырып, бірнеше алапат күштің тоғысуын көрсететін стихия. Судың алғашқы қызметі – тіршілік көзі. Адам болмысындағы ең үлкен символдық құндылықтың материалдық көрінісі, тазалықтың бейнесі.

Антикалық натурфилософияның пайымдауында ғалам төрт негізгі құрылымдық элементтен (су, ауа, жер, от) тұрды. Ежелгі қауымдық құрылыс кезеңінде табиғат әлемнің қасиетті үлгісі ретінде қабылданды. Су отпен қатар диалектикалық

символдарының бірі деп санады. От сияқты су да үнемі пішінін өзгертетін әмбебап және мәңгілік қозғалыстың принципін білдірді [1, 117]. Ал Карл Густав Юнг суды ұжымдық бейсаналықтық, өміршеңдік пен жанның символы ретінде қарастырды [2, 41].

Ежелгі дүниетанымда адам баласы ғаламдық су айналым жүйесін түсінбей тұрып, жауынға қарап суды тек аспаннан жерге түсетін қасиет деп есептеді. Екінші жағынан өзен, көл, бұлақтарға қарап, рухтардың мекені жер астынан шығатын күш санады. Бұлақтарды, өзендерді, теңіздерді, көлдерді және басқа да су айдындарын қастерлеу осыдан туындайды. Су символикасы орасан тазартушы күшке ие, зұлымдықты қайтарады деп есептелді. Дүние жүзіндегі халықтардың мифтерінде жердің судан пайда болу мотиві кең таралған. Мысалы, үнді Ведаларында «су – барлық нәрсенің негізі» болса, киелі кітапта «жаратылыстың алғашқы элементі».

Мифологиялық дәстүрлерде қарастырылатын табиғи семиотикалық код космогенез процесінің басында және соңында болады. Фалес космогониясы бойынша су – ғаламның негізі, ал жер диск түрінде дүниежүзілік мұхит суында қалқып жүреді [3, 47].

Исламдық түсінікте су – мейірбандықтың, білім мен өмірдің символы. Буддалық сенімде ағын су – тоқтаусыз тіршіліктің жалғасы болса, тұнық, мөлдір су – өмірдің мәні ретінде суреттеледі. Сонымен қатар су – даналықтың үлгісі, молшылықтың қайнар көзі ретінде қарастырылып, барлық тіршіліктің бастауымен байланыстыралады.

Христиан дінінде су жасампаздықтың, жаңару мен тазартудың белгісі. Ежелгі славяндық түсінікте су күннің анасы, ол күн сайын кешкі уақытта теңізге немесе мұхитқа батып, дүниедегі уайым, қайғы-қасіреттен демалып, тазарады. Славяндарда су тазарту ғана емес, сонымен бірге тіршіліктің жалғасын білдіреді. Жердің құнары артып, егіннің жақсы өнім беруі үшін жаңбыр шақыратын ғұрыптар, от пен суға арналған мерекелер тойланған. Суға қатысты рәсімдер су перісі аптасында, Перун күндерінде орындалған.

Түркі халықтарында суға тағзым ету, бұлақтың көзін ашып, арнасын кеңейту, жаңбыр шақыру сынды сумен байланысты бірнеше ғұрыптар орындалады. Түрік халқында жауынға қатысты дұғалар жиынтығы бар. «Жаңбыр дұғасының» мәтіні әр аймақта өзіндік ерекшеліктермен айтылады.

Түркітанушы, этнограф С.М. Абрамзонның «Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи» еңбегінде «Бұл құдайға құрбандық шалу әрекеті жаңбыр жаумай, құрғақшылық болғанда ұйымдастырылады. Онда әр шаңырақтан бір қой немесе жеті күлше алып өзеннің жоғары жағына барады», – деп көрсетілген [4, 403]. Осыған ұқсас ғұрыпта қазақ халқында «тасаттық» деп атайды. «Тасаттық» араб тілінен аударғанда – құрбан шалу деген мағынаны білдіреді. Көктем, жаз айларында құрғақшылық болып, жауын жаумаса халық жиналып, құрбандыққа мал шалып, тәңірден жаңбыр тілеген.

Түрік халқында су – жаратылыстың, көбеюдің, молшылық пен құнарлылықтың, жойылу, қайта туу мен түрленудің символы. Түріктердің наным-сенімде су өте жоғары қасиетті сипатқа ие. Халық бұл тұрғыда табиғаттың ерекше жаратылысын Алланың жер бетіндегі бейнелерінің бірі ретінде қастерлеп, суға жасаған барлық жақсы-жаман әрекет құдайға жасағанмен әрекетпен тең көреді.

Түрік мифтік ойлау жүйесі бойынша иерофания болып табылатын су да дүниелер арасындағы шекара болып табылады. Басы Тәңірден болған судың соңы бірде зұлымдық еліне, бірде тағы да Жаратушыға жалғасады. Судың әрекеті – Тәңірдің қалауы. Осы себепті, кейбір жағдайда су жаратушы, өндіруші, емдеуші, тазартушы болса, кейбір жағдайларда жойып, өлтіретін сұрапыл күш. Түрік мифологиясының космогония, су тасқыны және апокалипсис мифтерінде судың жақсы да, жаман да болатын әртүрлі күйлерін көреміз [5, 148].



**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Судың рухани танымдағы қабылдануы және оның поэтологиялық сипаты туралы бұл зерделеуде фольклорды зерттеудегі әдіснамалық негіздер басшылыққа алынып, талдау, жинақтау және салыстыру әдістері пайдаланылды.

**Талқылау мен бақылау.** Байырғы түркі халықтарының магиялық және анимистік танымында судың пайда болуы туралы бірнеше мифтік аңыз-әңгімелер бар. Этнограф-ғалым Т.Қаратаева «Су культі» еңбегінде суға қатысты мифтік мотивтерді үш топқа жіктеген: 1) антропоцентристік таным бойынша өзен көлдердің көз жасынан пайда болуы; 2) агионимдермен байланысты, яғни өзен-көлдер әулие-әнбиелердің таяғы түрткен немесе аяғы тиген жерлердегі бұлақ көзінен пайда болуы; 3) анимистік түсінік бойынша жануарларды қасиет тұтумен байланысты өзен-көлдердің пайда болуы. [6, 97]. Бұлақ, өзен, көл, теңіз алыптың көз жасынан немесе қасиетті жаратылыс иелерінің ықпалынан пайда болуы бірнеше халықтардың мифологиясына ортақ.

Аңыз-әңгімелердегі өзендердің, бұлақ көздерінің пайда болуы пайғамбарлардың немесе әулиелердің аса таяғы мен аяғы тиген жермен байланыстырылады. Демек, жаңбырмен қатар, ағын су, өзендер мен бұлақтар да қасиетті су болып есептеледі.

Бұлақпен «Кәусар» атауы да қатар қолданылады. Кәусар – араб тілінен аударғанда (көп, мол, үлкен, көлемді) – таза, тәтті, мөлдір ұғымдарын білдіреді. Бұл атау ауыз әдебиетінің үлгілерінде де, жазба әдеби шығармаларда да қолданылады.

Кәусар сөзінің діни мағынасы – жаннаттағы қасиетті, киелі су. Құранда үш аяттан тұратын Кәусар сүресі бар. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) Кәусардың жұмақтағы өзіне берілген өзен екендігін айтады. Жұмақтағы бүкіл өзендердің суы осы Кәусар өзеніне барып құйылады. Кәусардың дәмі балдай тәтті, түсі сүттен ақ. Табари тәпсірінде: «Кәусардың суы қардан ақ, балдан дәмді», – деген. Махшар күні ыстықтан шөлдеген Алланың сүйікті құлдары осы судан ішіп шөлін қандырады [7, 37].

Діни әпсаналарда қасиетті судың үш түрі бар. Олар: жұмақтағы бұлақ, Әбілхаят суы, яғни «өлместің суы», зәмзәм суы.

Әбілхаят – діни наным-сенім бойынша мәңгі өмір дарытатын қасиетті су. Мұндағы әб – су, хаят – өмір деген мағынаны білдіреді.

Әпсана бойынша Қызыр пайғамбар өлместің суын ішіп, қияметке дейін өлмейтін болып тірі қалған. Осыдай кие дарыған Қызыр пайғамбар елсіз шөл далада қиындыққа душар болған жолаушыны желеп-жебеп жүреді екен. Көне әдеби жәдігерлерде Қызыр пайғамбар мен Ілияс пайғамбардың аталардың аты қатар аталады. Әдетте Қызыр-Ілияс пайғамбарлар деп қатар қолданылғанымен, Қызыр пайғамбар құрлықта, Ілияс пайғамбар теңізде сапарлап жүрген жолаушыларды қолдап, жепеп жүреді деген сенім бар [8, 447].

Діни әпсаналарда мәңгі өлместің суын «тірі су» деп те атайды. Тірі суды ішкен адам өлмейді, мәңгі өмір сүреді. Кейбір аңыздарда қаһарман бұл қасиетті суды іздеп, ұзақ сапар шегеді. Ел мен жерді аралап, түрлі қиыншылықты артқа тастап суды табады. Бірақ белгілі бір себептермен суды іше алмайды. Себебі бұл қасиетті суды кез-келген адам ішпеген, тек Жаратушының назары түскен әулие немесе пайғамбарларға ғана бұйырған.

Ескендір туралы әпсаналарда патша қасиетті тірі суды іздейді. Оған перілер көмектесіп, армандаған суды табады. Бірақ патша мәңгі өлместің суын ішпес бұрын «егер мұны ішсем мың жасайды екенмін, болашақта мені не күтіп тұрғаны да бұлдыр, одан да құдайдың өзі берген жасын жасап, өлшеулі күнін кешейін» деп бас тартады да, қасиетті су толтырылған торсықты балқарағайдың бұтағына іле салады. Сол торсықты қарға шоқып, тесіп жібереді. Содан қарға мен әлгі балқарағай ағашы мың жасайтын болған екен.

Бұл әпсананың тағы бір нұсқасында Ескендір патша тірі суды торсыққа құйып әкеле жатып, қарағайдың түбінде демалып жатқанда құзғын шоқып, тесіп жібереді де, киелі су қарағайға, аршаға төгілгендіктен ол ағаштар жап-жасыл болып, мәңгі жасайтын болады. Судың жердегі қалдығын түлкі жалап, жүні ағарғанша, тұмсығы тиіп құзғын да ұзақ жасайтын болғандығы айтылады [8, 449].

Жалпы түркі халықтарында зәмзәм ерекше қасиетті ие. Оны Жаратушының сыйы, адамның жанын мәңгілік жасарту үшін жасалған шипалы су деп ұғады.

Зәмзәм – Мекке қаласындағы әл-Харам мешітінің аймағында орналасқан қасиетті құдық. Хадис бойынша Ибраһим пайғамбардың әйелі және ұлы Исмаил сусыз иен далада қалады. Ажар анамыз Сафа мен Мәруа төбелерінің жанынан су іздеп жүргенде көктен Жәбірейіл періште түсіп, Исмаилдың қасынан өзінің 600 қанатының бірімен Зәмзәм бұлағының көзін ашады [9, 98].

Әпсана желісі бойынша Мұса пайғамбардың аса таяғы тиген жерден бұлақтың көзі ашылған. Ысмайыл пайғамбардың Ажар (Хажар) ана құшағындағы сәби кезінде өкшесі тиген жерден бұлақтың көзі пайда болған. Мәруа мен Сафаның аралығында қалған ана мен бала сол бұлақтан су ішіп тірі қалған. Бұлақ Зәмзәм деп аталады. Бұл бұлақтың суы сүттен ақ, балдан тәтті, жұмсақ, егер кімде-кім бір жұтым су ішсе, қияметке дейін өлмейді деген сенім бар.

Зәмзәм құрамында шипалық, басқа да ерекше қасиеттерді жинаған ерекше су. Ауруына ем іздеген жан зәмзәмді ниеттеніп ішсе, ауруынан жазылады. Жалпы бұл қасиетті суды қандай тілекпен ішсе де, Алланың қалауымен тілеуі орындалады.

Қазақ халқында ағын сумен қатар, жер астынан шығатын су мен құдық та қасиетті ұғым. Жерасты суларын С. Қондыбай «нұрдың нәрі» деп атаған. Қайнар, қайнар көз, көз (бұлақ), тұма, бұлақ, жылға, өзен суларымен қатар «құдық» суы да нұрдан нәр алған. Бұларды «тірі су», «жасарту суы» деп те тануға болады. Нұрдан нәр алған құдық суы жерасты кіндігінің қасиеттеріне ие болды [10, 325]. Әр өңірдегі әулиелер басында орналасқан құдықтардың суы киелі саналады. Мұндай әулиелі жерлерге адамдар арнайы барып, зиярат етеді. Әулиелі жердегі құдықтың суынан дерттеріне шипа табады.

Түркістан облысында түркі дүниесінің ғұламасы Қожа Ахмет Ясауидің қызы «Әулие ана» атанған Гауһар ана кесенесі бар. Кесенеге зиярат етушілер алдымен Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы болған Арыстан баб кесенесіне зиярат етуді дұрыс деп есептейді. Мұнда келушілер алдымен әулие анаға құран бағыштап, тілек тілеген соң, кесене аумағында қасиетті құдықтан су ішеді. Құдықтың суы түрлі дертке шипа. Жергілікті халық Гауһар ананың ана мен баланың қамқоршысы деп те атайды. Мұнда зиярат етушілер кесене артындағы үлкен ағаштың бұтақтарына тілектерін айтып, шүберек байлап кетеді екен.

Түркістан облысындағы тағы бір қасиетті саналатын Үкәш ата құдығы бар. Аңыз бойынша Үкаша ата Мұхаммед ғ-с.с. сахабасы, мұсылмандардың әскери қолбасшысы ретінде белгілі. Үкаша ата шапса қылыш, атса оқ өтпейтін қасиет дарыған алып денелі, батыр болған екен. Сонымен қатар, қазақ даласына ислам дінін алғаш алып келген тарихи тұлға ретінде айтылады. Түркі тайпаларының бірінен шыққан Үкаша Мұхаммед ғ-с.с. сенімді серіктерінің қатарында болған, қазақ шежіресінің бастауында тұратын Әнес сахабалармен бір қатарда тұрады. Қазіргі кезде Үкаша ата қорымы зиярат ететін орынға айналған. Бұл жерге ниет етіп келген адам ең алдымен Үкаша ата құдығынан су ішіп, дерттеріне шипа табуды көздейді.

Зиярат етіп келген әрбір адам алдымен Үкаша атаның қабірі орналасқан кесенеге кіріп, құран бағыштайды. Содан кейін тау басындағы құдықтан су алады. Қасиетті құдық жайлы аңыз-әпсаналар кеңінен таралған. Мәселен Мұхтар Қожаның «Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері» еңбегінде Үкаша ата туралы мынандай деректер айтады. «Үкаша атаны жау жеңе алмаған, ешбір пенденің оғы өтпейді, қылышы кеспейді екен. Жаулары айла жасап оның әйелін алдап сахабаның осал жерін біліп алыпты. Үкаша ата тек таң намазын оқыған кезде қорғансыз болады екен. Оны білген кәпірлер таң намазын оқып отырған кезде басын қылышпен шауыпты. Жансыз басты періштелер домалатып қырдың етегіне жеткізіпті. Сол жер қақ айырылып құдық болып Үкаша ата

басы оған түсіп жер асты өзен арқылы Мұхаммед Пайғамбарға (с.а.у.) жетіпті. Сахабаның қаны тамған жердің бетіне саздан ұзындығы 21 м белгі соғылған. Зияратқа барғандарға әулиенің шырақшылары Үкаша атаның басы домалап түскен құдықты, атаның түйесінің ізі қалған тасты көрсетеді. Зияратшылар осы құдыққа кезекпен шелек салып су алуға әрекет етеді. Су біреулерге беріледі, біреулерге қанша мәрте шелек салғанымен бір тамшы су ілінбейтіні бар. Мұны шелек тастап отырған адамның күнәсіне балап түсіндіреді» [8, 48].

Үкаша ата туралы тағы бір әңгімелерде бейітінің жанындағы қасиетті саналатын құдық суы жер асты арқылы Меккедегі Зәмзәм бұлағымен байланысады. Құдықтан су алу үшін шелек салғанда су шығатын болса, ол адамның жолы болғыш, бақытты адам саналады.

Тірі су танымы «сакральтану» ғылымында «тірі жер» мағынасында қолданылады. Киелі мекендер шынында табиғаттың ерекше жаратылысы болып саналады. Қасиетті жерлерге адамзаттың қатысуынсыз пайда болған табиғаттың ерекше туындысына су, бұлақ, қайнары бар жерлер, алып таулар, тастар жатады. «Киелі жер» ұғымы «қасиетті мекендерден, тылсым күшке ие өлкелерден», яғни «табиғат ескерткіштерінен» көрінеді.

Тереңнен шығатын «құдық сулары», қасиеттілікпен немесе әулиелік культпен, су культімен астасып жатса, оны «қасиетті/ерекше табиғат ескерткіші» немесе «тірі ескерткіш» ретінде тануға болады [6, 59].

Қасиетті құдық Шах-и-Зинда туралы айтылатын әпсанада да маңызды нысан, тылсым сипатты орын. «Тірі патша», «Екі дүниенің шахы», «Зынданның шахы» – бұл аталғандардың бәрі «Шахи Зинда» сөзінің мағынасын түсіндіре алады.

Сәулетті Самарқанның ерекше сырға толы тарихи ескерткіштерінің бірегейі – осы Шахи Зинда, яғни «Тірі патша» атын иеленген ескерткіш-кешен. Тылсым құпияға, шешуі күрделі жұмбаққа толы осы кешендегі Шахи Зинда мазары қарапайым пенденің түйсік-түсінігі жете бермейтін Хақ әлемінен хабар береді... Бұл құпияның бәрі әзиз пайғамбарымыз Мұхаммед ғалайс-саламның немере бауыры Құсам ибн Аббаспен байланысты.

Әлемге билігін жүргізуді көксеген Әмір-Темірдің заманынан келе жатқан ел аузындағы әпсана былай дейді:

Мұхаммед ғ-с.с. немере туысы Құсам Ибн Аббас пұтқа табынушылармен шайқас кезінде ауыр жараланады. Бір аңыздауда оның басы шабылды десе, енді бірінде жебеден жарақаттанғаны айтылады. Осы кезде Құсам ибн Аббасқа көмекке Хазыреті Қызыр пайғамбардың рухы көктен түседі. Сөйтіп ауыр жараланған Құсам ибн Аббасты ұрыс даласынан алып кетіп, Шағбан құдығына орналастырады. Құсам Ибн Аббас осы құдықтан «тірі суды» ішіп, қалпына келеді. Өлместің суын ішкен соң ақырзаманға дейін тірілер санатында қалып, «тірі патша» атанады...

Осы оқиғадан кейін, арада жеті ғасыр өткенде әйгілі Әмір-Темір кезекті бір жорықтан оралған соң, Самарқандағы қасиетті орындарға тағзым етпек болады. Шахи Зинда түскен құдыққа жақындағанда, көкейіне күдік, ойына күмән кіріп, былай депті: «Мен тарихи жазбалардан, аңыздардан Шахи Зинданың асыл дініміз Исламнан бас тартып, бүлік шығарған самарқандтықтармен соғыста ауыр жараланғанын, сөйтіп осы құдықтан пана тауып, тірі қалғанын оқып, білдім. Менің білгім келетіні – Шахи Зинда шынымен тірі ме, әлде қайтыс болды ма?». Сонда қасындағы серіктері: «Бұл бір Аллаға аян, Алладан басқа ешкім білуі тиіс емес ұлы құпия. Сондықтан сұрағыңызға жауап бере алмаймыз», – деседі.

Әмір-Темірді бұл жауап қанағаттандырмайды. Ол кімде кім бұл құдыққа түсіп, шындыққа көз жеткізуге тәуекел етсе, соған қымбат сыйлық, ғұмырына жететін байлық беретінін айтады. Бұл ұсынысына ешкім келіспеді. Жаратушы Иеге ғана аян шындықты

білуге ұмтылып, күнәһар болудан бір сескенсе, құдықты аузымен от бүріккен айдаһар күзетеді деген ел аузындағы әңгіме де олардың үрей-қорқынышын одан әрмен күшейтеді.

Әмір Темірдің қасындағы бір абыз былай дейді:

– Ұлы билеушім, мен бір кітаптан Шахи-Зинда туралы оқып едім. Бір замандарда жалғыз көзді Дәжжал (Тажал) пайда болып, адамдарды адастырады. Сонда жер астынан Ер Мәді Тажалмен күреске шығады. Ер Мәдінің Тажалды жеңуге күші жетпей, көктен Ғайса (Иса) с.ғ.с пайғамбар түседі. Екеуі бірігіп Тажалды жеңеді. Содан кейін Яжуж – Мажуж деп аталатын тайпалар құмырсақдай қаптайды. Бұларға Ғайса мен Мәдінің күші жетпейді. Яжуж-Мажуж – кияметтің алдында жер бетіне қырғын салатын халық. Міне, осы тайпа халқына қарсы майдан ашатын Шах-Зинда, ол уақыты келгенде ғана құдықтан шығып, жауды жеңеді, тайпаның бір адамын қалдырмай өлтіреді. Жер беті өлік сасиды. Оны тазарту үшін Ғайса (Иса) с.ғ.с дұға оқиды. Сонда аспаннан қалың құс қаптап ұшып келіп, өлекселердің бәрін құртады.

Бірақ Әмір-Темір бұл айтқандарға илана қоймайды, өз өтінішін тағы қайталайды. Құдыққа түсіп, шындыққа көзін жеткізетін адамды іздейді. Ақыры ол адам да табылады. Ұлы қолбасшының ұсынысын Хида есімді бір жауынгер құп алады. Хида – ерен күшке ие ерекше батыл жауынгер болатын. Ол билеуші уәде еткен мол байлыққа қызығып, оның ұсынысын қабыл алып, құдыққа түсетінін мәлімдейді.

Әмір-Темірдің жауынгерлері Хиданың белін арқанмен байлап, құдыққа түсіреді. Басында ол төменде қараңғылықтан басқа ештеңе көрмейді. Дегенмен Хида көпті көрген ақылды жауынгер еді, еш сескенбестен көзін тарс жұмып, жүгініп отыра қалады. Көзін ашқанда құдықтың жарық сәулеге бөгіп тұрғанын көрді. Тереннен бір үңгірді байқап, солай қарай жүреді. Үңгірге жақындағанда оның көз алдында ерекше әлем ашылып, көздің жауын алатын небір асыл тастармен безендірілген сарай тұрады. Сарайдың қасбеті алтынмен апталған. Төрт жағында асыл тастармен көмкерілген төрт тақ орналасқан.

Хида Әмір-Темірмен талай елге барып, небір әсем сарайларды көріп, небір ғажайыптарды естіген еді. Олардың ешқайсысы мына сарайдың әсемдігіне, ғажайып салтанатының ширегіне де тұрмайды. Мұндай әсемдік Хиданың үш ұйықтаса түсіне де кірмеген.

Хида жан-жағына қарап, ешкімді көре алмайды. Сарайға кіріп, бір есігін ашқанда миуалы, көгорайлы керемет бақты көреді. Мұндай сұлу бақ жер үстінде мүлде жоқ. Бұл – бейіш бағы еді... Хида жемісі төгіліп тұрған ағашқа қол созған сәтте қорқынышты дауысты естіп, қолын тартып ала қояды. Дауыстан шошып, тұра қашқанда бір көгорай шалғынды кеңістікке тап болады. Бұл жерде көргені тіптен ерекше – жүздерінен нұр төгілген үш абыз және оларды қаумалай қоршаған ақ және жасыл түсті киім киген қалың топ... Хида қасында тұрған адамнан: «Бұл ерекше жандар кімдер? Ортасындағы ерекше адам және оның екі жағындағы екі ақсақал кім?» – деп сұрайды. Ол адам: «Ортадағы – Шахи Хинда – Құсам ибн Аббас, оң жағындағы – Қызыр ғ-с.с., сол жағында отырған – Илияс ғ-с.с. Мұнда жүрген адамдардың ақ киімділері – болашақта өмірге келетін жандардың рухы, ал, жасыл түсті киімдегілер – марқұм болған абзал жандардың рухы. Олардың бәрі Құдыретті Иеміздің әмірімен күн сайын осы араға жиналып, Құсам ибн Аббасқа тағзым етіп, қызмет жасайды. Содан кейін өзің көріп тұрған жылқыларға мініп, дүниенің төрт тарабына ұшып кетеді.»

Бір кезде Құсам ибн Аббас Хидаға назар аударады. Хида қорқыныштан есінен танып, құлап түседі. Құсам ибн Аббас қатты ашуланып: «О, құдайдың құлы, сен бұл құдыққа түсіп, осы араға келуіңмен абзал рухтардың тыныштығын бұздың. Осы әрекетіңмен менің ашуымды келтіруден қорықпадың ба? Менің бұйрығыммен сен осы жерде қалып, жан төзгісіз ауыр жазаға ұшырасаң, сөйтіп тозақтың түбіне кетсең, жер үсті сен сияқты бұл құдыққа түспек болған сәулесіз жандардан ада болар еді», – дейді.

Сонда Хида жанұшырып: «О, Қазірет, мені жазалай көрмеңіз! Мен мұнда өз еркіммен түскем жоқ. Жер үстінде Әмір-Темір деген ұлы билеуші пайда болды. Ол күллі әлемді жаулауға бет алды... Мені мәжбүрлеп түсірген сол. Оның әмірін орындамау мүмкін емес», – деп, ақтала бастайды.

Құсам ибн Аббас Хиданы Әмір-Темірдің мәжбүрлемегенін, мұнда оны дүниеге деген ашкөздігі әкелгенін айтады. «Мен сені босатамын. Егер жер үстіне шыққан соң көргеніңді айтар болсаң, өзің соқыр боласың, өзіңнен тарайтын бүкіл ұрпағың да соқыр болады. Әмір-Темір сенімсіздік білдіріп, Алла ісіне шек келтіргені үшін Қытайды ешқашан жаулап ала алмайды, өз айыбын осылай өтейді», – дейді.

Сөйтіп Хида құдықтан шығады. Әмір-Темірдің Шахи-Зинда туралы сұрағанына жауап бермей, аяғына жығылып: «Ештеме сұрамаңыз, әміршім! Айтсам, мені өте ауыр жаза күтіп тұр», – деп жалбарынады. Әмір-Темір Хидаға уәде еткен сыйлығының үстіне тағы сыйлық беретінін, күллі ұрпағын сыйлықтан құр қалдырмайтынын айтады. Бұған қызыққан Хида сертінен тайып, көргендерін баяндайды. Әңгімесін тәмамдағанда көзінен екі тамшы жас тамып түсіп, соқыр болып қалады. Оның күллі ұрпақтары соқыр болып туады. Күні бүгінге дейін көздері соқыр бір тайпа ел бар, олар – сол Хиданың ұрпақтары деседі. Сөйтіп, Құсам Ибн Аббастың бірінші айтқаны орындалады.

Ал, Әмір-Темірге келетін болсақ, Ұлы Әмірші Қытайға жорыққа аттанып бара жатқан жолда, Отырар қаласының тұсында қайтыс болады. Осылайша Қытайды бағындыру оның пешенесіне бұйырмайды. Құсам Ибн Аббастың екінші сәуегейлігі осылай айнымай келеді...

Әпсананың айтуы бойынша әлі күнге дейін ұлы әмірші Шахи Зинда қасиетті құдықтың ішінде дұға оқып, Аллаға құлшылық жасауда. Діни әпсаналарда Шахи-Зинда жер бетінде жаңа заман орнап, оған берілген тапсырманың уақыты жеткенде құдықтан шығып, халыққа көрінетіні айтылған.

Бұл әпсана да суды мәңгілік өмірге бастайтын стихия, екі дүние арасын жалғайтын тылсым күшке ие жаратылыс негізі деп қабылдаған танымды көрсетеді.

Ертегілер де де тірі су арқылы өлген адамды тірілтіп алу мотиві тұрақты кездеседі. Ертегіге арқау болған мотивтің негізі су жаратылысын сипаттайтын мифтерден бастау алатынын ескергеніміз жөн. Қазақтың «Керқұла атты Кендебай» атты ертегісінде бас қаһарман Кендебай перілер елінде «айрылғырдың суы айрыл» деген сөзді қолдану арқылы өзен суынан өтеді. Судың шекара ретіндегі функциясы «арғы беттегі өмір» моделін тудырған.

**Нәтижелер.** Су – жаратылыстың бастау көзі, молшылықтың, өсіп-өнудің, құнарлылықтың, жойылу мен қайта туудың символы. Көне дүниетанымнан қалыптасқан түсінікте су тылсым қасиетке ие. Халық киелі деп санаған елді мекендер, табиғат нысандары міндетті түрде сумен қатыстырылады. Мысалы, қазақ даласында Әулиебастау (бастау – бұлақ сөзіне синоним) аталатын нысаналы мекен әр облыстың бірнеше орындарынан кездеседі. Жергілікті халық мұндай орындарды киелі деп санап, құрмет тұтады.

Әлемнің жаратылуы туралы мифтік сюжеттерде ең әуелі шегі де, түбі де жоқ мұхит туралы айтылады. Сол шексіз судан тоқымдай жер (төбе) пайда болады. Сөйтіп тіршілік басталады. Су тек жаратушылық сипатқа ғана емес, жойымпаздық күшке де ие екенін ел жадындағы әпсаналар дәйектей түседі. Бұл дүние мен о дүние арасын сабақтастыратын су әлемі мифтік дүниетаным арқылы адамзат санасына сақралды нысан болып орнықты. Судың табиғаты жаңаруды, тазаруды, тоқтаусыз тіршілікті, өтпелі өмірді, рухтың мәңгіліктігін танытуда маңызды қызмет атқарады. Бастау, бұлақ, өзен, дария, теңіз, мұхит атауларымен көлемдік, пішіндік сипаттары айқындалатын су әлемі діни, философиялық танымда түрлі тұжырымдарға арқау болды. Көркемдік танымда символикалық, аллегориялық, метафоралық қызметімен айқындалды. Тіршілік бастауы ретінде «тірі су», «қасиетті су», «өмір суы» атауларымен бейнеленсе, «өлі су»,

«су аяғы – құрдым» сөздерімен оның жойымпаздық күші, сонымен қатар екінші әлем – жер асты әлеміне де қатыстылығы мегзеледі.

Өмір суын, яғни тірі суды іздеген эпсана кейіпкерлерінің әрекеті – рух мәңгіліктігін көкसेген сенімнен туындаған. Ерекше жаратылысты адамдардың қасиетті су көздерінің көмегімен мұратына жетуі, мәңгілік өмір кеңістігіне енуі Құсам ибн Аббас оқиғасымен, т.б. фольклор туындыларынан көрінетіні талдау бөлімінде қарастырылды. Даңқты Ескендір патшаның өмір суын іздеп сапар шегуі де осының жарқын мысалы. Жалпы, су – диалектикалық дамудың қозғашы күші, бір заңы саналатын қарама-қайшылықтың бірлігі мен күресін сипаттайтын бір атрибут. Оның тірі су және өлі су болып келуі, шипалы, қасиетті болуы осыдан туындаған.

**Қорытынды.** Эпсаналарда, мифтік әңгімелерде, дастандарда судың табиғаттың қасиетті күші ретінде суреттелуі занды нәрсе. Себебі су – тіршіліктің көзі, бастауы. Көне дүниетанымнан бастау алып, көркем ойлауға ұласқан адамзат санасында су тазалықтың, бастау мен жаңалықтың қызметін атқарса, екінші мағынада жоюшы, жазалаушы сипатта көрінеді. Бұл түркі халықтарының діни танымына ортақ суды жаратқанның жазалаушы қаруы ретінде қолданатын түсінігіне де сай келеді.

Эпсаналар мен діни аңыздардағы бұлақ көзінің пайда болуы пайғамбарлармен немесе әулие адамдармен байланыстырылуы да судың тылсым табиғатын көрсетеді. Халық ұғымында қасиетті саналатын құдық, жер асты суларының екінші әлеммен байланысы бар. Мәселен, қазақта қараңғыда суға бармаған. Судың қажеттілігі болған жағдайда, су иесінен рұқсат сұрап, белгілі ғұрыптары орындап су алған. Діни эпсаналардағы мәңгі тірі патша Шах-и-Зинданың Алла құлшылық жасап, өз миссиясын күтуі де құдықтың тылсым әлеммен байланысының көрінісі.

Су көзі үнемі қасиетті, тылсым сырлы мекендермен байланыстырыла берілуі оның «екі әлемнің шекарасы» болу сипатымен байланысты екеніне ұлық пайғамбарларға, Ескендірге, Шах-и-зиндаға және басқа да әулиелерге қатысты эпсаналардағы мотивтер дәлел бола алады.

Талдаулар нәтижесінде шығарылатын түйін ретінде айтарымыз: су – тылсымға толы жаратылыстың тылсым сырлы бірегей нысаны. Эпсана сюжеттері осы тұжырымға дәлел бола алады.

*Мақала ҚР БҒМ ғылым комитеті қаржыландыратын «AP08856218 «XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылым кеңістігі: ғылымдар ықпалдастығы және әдебиеттану» ғылыми жобасы аясында жазылды.*

### Әдебиеттер

1. Токарев С.А. Мифы народов мира. Энциклопедия. Москва: Советская энциклопедия, 1991. Т. 1. – 673 с.
2. Юнг К. Архетип и символ. Москва: Ренессанс, 1991. – 300 с.
3. Кафанова О.Б., Доманский В.А, Круглова Л.К.и др. Образы и мотивы воды в культуре. – Санкт-Петербург: ГУМРФ, 2014. – 400 с.
4. Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Фрунзе: Киргизстан, 1990. – 410 с.
5. Baysal N. Türk Halk Kültüründe Su. Ankara: 2020. – 506 s.
6. Қаратаева Т., Бексеитов Г., Оспанов Е. Су культі (анықтамалық). Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 158 б.
7. Ислам: энциклопедиялық анықтамалық, А-Я; құраст.: Аяған Б, Ибрагимов Ж., Абдраманов Ж. Алматы: Аруна, 2010. – 591 б.
8. Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. – Шымкент, 2013. – 485 б.
9. Али-заде А. А. Исламский энциклопедический словарь. — Москва: Ансар, 2007. – ISBN 978-5-98443-025-8. (CC BY-SA 3.0)
10. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. Т.11. Арғықазақ мифологиясы. 3-кітап. – Алматы: Арыс, 2008. – 520 б.

**Ж. А. АЙМУХАМБЕТ, М. Н. МИРАЗОВА**

Евразийский национальный университет, Астана, Казахстан

**А. Е. АЛИМБАЕВ**

Евразийский гуманитарный институт, Астана, Казахстан

## **ПОЭТОЛОГИЯ МОТИВОВ «СВЯТОЙ ВОДЫ» В ЛЕГЕНДАХ**

**Аннотация.** В данной статье мотив священных водных источников, широко распространенный в фольклоре, является основным объектом. В первую очередь рассматриваются события, связанные с водой из космогонических мифов. В то же время значение воды в исламе сравнивалось с характеристиками будды, христианского познания.

В древнем мировоззрении творение ассоциировалось с различными объектами, относящимися к воде. Вода самое распространенное природное существо в мифологии. Мировой океан, бездонная и бесконечно глубокая вода то явление, существовавшее до появления первого существа, природная спонтанность, стоящая у истоков всего творения, а также одна граница в переходе от хаоса к космосу. В мифическом познании очень важны понятия моря, океана и реки, озера, ручья, истоков. Одна из важных особенностей почитания воды как священного объекта заключается в мотивах, связанных с родниками или священными колодцами.

В познании народов тюркского происхождения вода является символ созидательного происхождения, размножения, изобилия, плодородия, разрушения, возрождения и добродетели и Кие. В статье сравнивались общие для тюркских народов обряды, связанные с водой: освящение воды, открытие источника, расширение русла ручья, приглашение дождя. Анализируются истоки мифов о происхождении воды в познании древних тюрков, систематизируются мифические мотивы, связанные с водой. Рассматривались образцы фольклора о происхождении ручья, реки, озера, моря. Роль пророков и святых в происхождении рек, родников была освещена примерами в религиозных обрядах. Проанализированы три вида святой воды, упомянутые в Коране, их особая функция для человеческого рода. Были приняты во внимание понятия «святая вода», «Святой источник», «живая вода», «вода жизни», приведены примеры. «Были сопоставлены священные места воды и предания, касающиеся людей, обладающих особой силой, пророков. Изучаются примеры из текстов песен, общих для тюркских народов, делаются соответствующие выводы.

**Ключевые слова:** фольклор, миф, святая вода, живая вода, мировой океан, хаос, два мира, родник.

**Ж.А. АЙМУКНАМБЕТ, М.Н. МИРАЗОВА**

Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**А.Е. АЛИМБАЕВ**

Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan

## **POETHOLOGY OF "HOLY WATER" MOTIVES IN LEGENDS**

**Abstract.** In this article, the motif of sacred water sources, widespread in folklore, is taken as the main object, and first of all, the events related to water from the cosmogonic myths are considered. At the same time, the significance of water in Islam was compared with the characteristics of the Buddha and Christian knowledge.

In the Ancient worldview, creation was associated with various objects related to water. Water is the most common natural creature in mythology. The world ocean, bottomless and

infinitely deep water is a phenomenon that existed before the appearance of the first being. Natural spontaneity stands at the origins of all creation, as well as one boundary in the transition from chaos to the cosmos. In mythical knowledge, the concepts of the sea, ocean, river, lake, stream, and sources are very important. One of the important features of the veneration of water as a sacred object is the motives associated with springs or sacred wells.

In the knowledge of the peoples of Turkic origin, water is a symbol of creative origin, reproduction, abundance and fertility, destruction and rebirth, virtue, and Kie. The onnorsof the article compared the rituals common to the Turkic peoples related to water: the consecration of water, the opening of spring, the expansion of the streambed, and the invitation of rain. The sources of myths about the origin of water in the knowledge of the ancient Turks are analyzed, and the mythical motifs associated with water are systematized. Samples of folklore about the origin of a stream, river, lake, or sea were considered. The role of prophets and saints in the origin of rivers and springs was highlighted by examples in religious rituals. Three types of holy water mentioned in the Quran and their special function for the human race are analyzed. The concepts of "holy water", "Holy spring", "living water", and "water of life" were taken into account, and the examples were given. "The sacred places of the water and the legends concerning people with special sacred, mysterious power, prophets were compared. The examples from the lyrics of songs common to the Turkic peoples are studied, and appropriate conclusions are drawn.

**Key words:** folklore, myth, holy water, living water, world ocean, chaos, two worlds, spring.

### References

1. Tokarev S.A. Mify narodov mira. Entsiklopediya. Moskva: Sovetskaya entsiklopediya, 1991. T. 1. – 673 str. S. 117.
2. Yung K. Arhetip i simvol. Moskva: Renessans, 1991. – 300 s.
3. Kafanova O.B., Domanskyi V.A, Kryglova L.K.i dr. Obrazy i motivy vody v kulture. Sankt-Peterburg: GUMRF, 2014. – 400 s.
4. Abramzon S.M. Kirgizy i ih etnogeneticheskie i istoriko-kulturnye sviazi. – Frunze: Kirgizstan, 1990. – 410 s.
5. Baysal N. Turk Halk Kulturunde Su. Ankara: 2020. – 506 s.
6. Karataeva T., Bekseitov G., Ospanov E. Su kulti (anyktamalyk). Almaty: Kazak universiteti, 2018. – 158 b.
7. Islam: entsiklopedialyk anyktamalyk, A-Ia; kurast.: Aiagan B, Ibragimov J., Abdramanov J. Almaty: Aruna, 2010. – 591 b.
8. Koja M. Ontustik Kazakstannyng aulie jerleri. Shymkent, 2013. – 485 b.
9. Ali-zade A. A. Islamskii entsiklopedicheskii slovar. — Moskva: Ansar, 2007. – ISBN 978-5-98443-025-8. (CC BY-SA 3.0)
10. Kondybai S. Tolyk shygarmalar jinagy. T.11. Argykazak mifologiyasy. 3-kitap. Almaty: Arys, 2008. – 520 b.

### Авторлар жайлы мәлімет:

**Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы** – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Аймұхамбет Жанат Аскербековна** – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

**Aimukhambet Zhanat Askerbekovna** – doctor of Philological Studies, Professor L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Миразова Маржан Нышанбекқызы** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.



**Миразова Маржан Нышанбековна** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Mirazova Marzhan Nyshanbekovna** – doctoral student of the L.N. Gumilyev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Алимбаев Аслан Есемканович** – философия докторы (PhD), Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан

**Алимбаев Аслан Есемканович** – доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института, Астана, Казахстан

**Alimbayev Aslan Yesemkhanovich** – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.